Ұйқы 9.15-11.00(1-1,6жас)	**Сәбилерді өз кереуеттеріне жатқызып** .бесік жырын баяу әуенмен орындап ұйықтату.				
Серуенге дайындық. 9.15-11.00	**Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен: 9.30-11.00	Картотека №19 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека № 18 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека № 20 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека № 21 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека № 18 Картотека қосымша тіркелген.
Серуеннен оралу 11.00-11.20	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас 11.20-12.00	Дастархан басында сөйлемей отырып, тамақтануға, қасықты оң қолға ұстауға баулу				
Ұйқы 12.00-15.00	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары 15.00-15.30	**№ 16** Картотека қосымша тігілген	**№ 17** Картотека қосымша тігілген	**№ 18** Картотека қосымша тігілген	**№ 17** Картотека қосымша тігілген	**№20** Картотека қосымша тігілген
Бесін ас 15.30-16.00	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 16.00-16.20	**Педагог жетекшілігімен ойын:** «Көңілді қаламдар» Мақсаты: қаламмен қағазға сурет сала алады.	**Құрылымдаоған ойын:** «Аңдарды табайық» Мақсаты: Суреттегі жануарлардың іс-қимылдарын, сала алады.	**Еркін ойын.**	**Педагог жетекшілігімен ойын** «Бөпешім қонаққа келді» Мақсаты: Балаларды дене мүшелерін көрсете отырып,атайды.	**Педагог жетекшілігімен ойын** «Ол не»? Мақсаты. ойыншықтардың атын қайталап айтады.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				

16.20-16.40					
Серуен 16.40-17.40	Серуен № 12 Картотека қосымша тіркелген.	Серуен № 13 Картотека қосымша тіркелген	Серуен № 14 Картотека қосымша тіркелген.	Серуен № 15 Картотека қосымша тіркелген.	Серуен № 12 Картотека қосымша тіркелген.
Балаларды ң үйге қайтуы 17.40-18.30	Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту	Кәусардың анасымен әңгімелесу. «Баласының өз-өзіне қызмет көрсетуге үйрету».	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.	Ата-аналарга демалыс күндерде күн тәртібі туралы ұмытпауын ескерту.

Циклограмма.
«Балапан» ерте жас тобы.
Қазан айы IV -апта
25.10.-29.10.2021ж

Өтпелі тақырып « Менің отбасым»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25.10.2021	Сейсенбі 26.10.2021	Сәрсенбі 27.10.2021	Бейсенбі 28.10.2021	Жұма 29.10.2021
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) 8.25	**Мнемотехника әдісі** « Күз» Мақсаты: табиғат құбылыстары туралы түсініктері кеңейеді.	**Құрылымдалған ойын** «Ғажайып қалта» Мақсаты: ойыншықтардың атын қайталай алады.	**Саусақ жаттығулар** **Шынжыр.** Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды. **Доп:** алақандар бір-бірімен жабысады. (доп пішінін жасайды). **Гүл** : қолдар, саусақтар жоғары қарайды.. Саусақтар ашылады.	**Музыкалық ойын жаттығу** « Көңілді аңдар» Мақсаты: әуенді тыңдай отырып, аңдардың қимылын жасайды.	**Педагог жетекшілігімен ойын.** «Саусақ ойыны» Бас бармақ Балаң үйрек Ортан терек Шылдыр шүмек Кішкене бөбек
Таңертеңгі гимнастика 8.25-8.30	**Таңертеңгі жаттығу кешені.** **Картотека № 7** Жаттығу кешені қосымша тіркелген.				
Таңғы ас 8.30-8.50	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау				
Ойындар, ҰОҚ дайындық 8.50-9.00	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу	**Музыка** Педагог жоспары бойынша	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Шалқан ертегісі» (үстел-үсті театры) **Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлерін	**Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Сары жапырақтар» (балабақша ауласына саяхат) **Мақсаты:** Ағаштардың жапырақтарының сары түске	**Мүсіндеу** **Тақырыбы:** « Кірпіге арналған алма» **Мақсаты :** Домалақтау,созу тәсілімен алманы мүсіндей алады.	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Бақшада» **Мақсаты:** Допты төменнен екі қолмен лақтыра алады. **Ұйымдастыру кезеңі.**

қызмет-тері 9.00-9.15		ажыратады. Кейіпкерлердің аттарын қайталап айта алады. **Әдіс –тәсілдер.** әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ- жауап **Ресурстар:** Шалқан ертегісінің суреттері, ойыншық қоян **Оқу қызметінің барысы:** **Шаттық шеңбер** Алтын күн жарқыра. **Қызығушылықтарын ояту.** Қоян келеді. Жолда келе жатып, «Сиқырлы қорап» тауып алғанын айтады. Қане балалар бәріміз бірге қорапта не бар екенін көрейікші. Ішінен хат шығады. **Хатты оқу**. Бұл қорапта шалқан ертегісінің ертегі кейіпкерлерінің бейнелері бар. «Шалқан»ертегісін айтып берсін. **Ой дамыту.** Үстел үсті театрын пайдалана отырып, «Шалқан» ертегні айтып беру. **Ой қозғау.** Балалар қандай кейіпкерлерді естеріңде сақтай алдыңдар -Шалқан қайда өседі? -Атай көмекке кімді шақырады? -Әжей кімді шақырады? -Немере қыз кімді	боялғанын біледі. **Әдіс –тәсілдер.** бақылау, көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелесу **Ресурстар:** балабаақша ауласына саяхат **Оқу қызметінің барысы:** **Шаттық шеңбер** Бау-бақшаға барамыз, Жақсы бала боламыз, Көкөністі жинаймыз, Ұзақ қысқа сақтаймыз, **Мнемотехника** Күз мезгілі **Саяхатқа шығу.** Балабақшаның қасында өсетін ағаштарды,ауа-райы бақылау. **Ой қозғау.** -Ағаш жапырақтарының түсі қандай? -Ағаш жапырақтары не істейді? -Күзде не жауады? Балаларды мадақтау. **Ақ қайын ағашын бақылау.** Жапырақтарының түсі қандай? Ағашта жапырақтар көп пе, аз ба? Жапырақтар қайда жатыр? **Ой дамыту.** Қайыңның діңі ақ болады, жапырақтары сопақша болады. **Сергіту сәті.** Тербеледі ағаштар, Жел бетіне еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үлкен болып өседі. **Кері байланыс** **Қорытынды** Балабақшаға оралу. Балаларды мадқтау. **Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Көгалдағы	**Әдіс –тәсілдер.** көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, сергіту сәті. **Ресурстар:** Алма ағашының суреті, түрлі түсті ермексаз кесектері, қағаздан және матадан жасалған сүрткіштер.**Оқу қызметінің барысы:** **Шаттық шеңбер** Кел,балалар,күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек! Көңілді болып жүрейік! **Қызығушылықтарын ояту.** **Тосын сәт** **Кірпі келеді.** **Ой қозғау.** Балалармен амандасады. Айтындаршы кірпі нені жақсы көреді? **Ой дамыту.** **Суретпен жұмыс.** **Алма** Балалар алма неге ұқсайды қандай пішінге ? Алманың дәмі қандай? Алманың түстері қандай болады. Ендеше балалар біз бүгін кірпіні алмамен тамақтандырайық. **Мүсіндеудің әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.** 1. Ермексазды жұмсарту; 2. Бөлшектерге бөлу; 3. Бөлшектерді домалатып алма мүсіндеу. **Сергіту сәті:** Алма кетті домалап Көше бой жағалап Кім алманы табады Сол ойынан шығады.	Амандасу Шеңберге тұру. Шеңбермен жүру -Түрлі бағытта жүру,жүгіру - Жай жүріспен жүру **Қызығушылықтарын ояту.** Құс ұшып келеді. Құспен саяхат жасау. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** 1. «Құстар ұшады» ---- бытырап жеңіл – желпі жүгіру. 2. Б. қ. Қолды жіберіп, аяқты сәл ашып, тіке тұру. «Құстар қанат қағады» -- Қолды жанынан иық деңгейіне дейін көтеріп, төмен түсіріп «шықылықтау 3. Б. қ. Қолды артқа қойып, аяқты сәл ашып, тіке тұру. «Құстар шоқиды» -- алға қарай еңкейіп саусақты тізеге соғып: «Шоқимыз»- деп б. қ келу. 4. Б. қ. Қолды жіберіп, аяқты қосып, тіке тұру. «Құстар секіреді»-- екі аяқпен жеңіл секіру, «құстар ұшады» -- қалаған жақтарына қарай жүгіру. **Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар.** Допты төменнен екі қолмен лақтыру **Қимылды ойын:** «Жапырақтар жинау» 1.Ойын шартын түсіндіру.

		шақырады? -Күшік кімді шақырады? -Мысық кімді шақырады? -Сонымен, бәрі бірігіп не істейді? Балаларды мадақтау. **Педагог жетекшілігімен ойын.** Үнтаспадан дыбыстарын ажырату.(аф-аф, мяу, шиқ-шиқ.) **Саусақ жаттығуы:** "Саусақтар жүреді" жаттығуы. **Педагог жетекшілігімен ойын.** «Не жоқ?» ойыны. **Ойынның мақсаты**: ертегідегі қай кейіпкер жоқ екенін айтады. **Кері байланыс** **Қорытынды** Біз бүгін қандай ертегімен таныстық? Ертегі сендерге ұнады ма? Осы ертегіде қандай үй жануарлары бар? Балаларды бас бармақ әдісі арқылы мадақтап, қорытындылау.	қояндар **Мақсаты:**Арқанның астынан еңбектеп өте алады. **Ұйымдастыру кезеңі.** Амандасу Шеңберге тұру. Шеңбермен жүру -Түрлі бағытта жүру,жүгіру - Жай жүріспен жүру **Қызығушылықтарын ояту.** Қоян келеді. Қоянмен бірге ойнау. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** **(жалаушамен)** 1.Б.қ. тұру, қол төменде, жалауша бір қолда. Жалаушаны оң (сол)қолмен жоғарыда, төменде сілтеу (3-4 рет) 2.Б.қ. отыру, аяқ алшақ, жалаушаны екі қолмен ұстау. Алға еңкейіп, жалаушаны еденге қойып, түзелу (4-6 рет) 3.Б.қ. екпеттеп жату, жалауша бір қолда, қолдарын екі жаққа созу. Қолдарды қосып, жалаушады екінші қолға алып аяты көтермей, қолдарды екі жаққа созу. (3-4 рет) 4. Ек» аяқты қосып алға секіру. 5.Тыныс алу. **Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар.** Арқанның астынан еңбектеп өту **Қимылды ойын:** «Құстар ұясында» 1.Ойын шартын түсіндіру. 2.балалармен бірлесе ойнау. Бір біріне кедергі жасамай	Балалардың жұмысын бақылау Жеке көмек. Балалардың жұмыстарын қорытындылау. Кірпі куанып рахмет айтады. **Кері байланыс** **Қорытынды** **Сұрақтар ілмегі.** Қонаққа не келді? Кірпіге не жасап бердіңдер? Балаларды мадқтау. **2.Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Күз келеді» **Мақсаты.**Жіптен ұстасып, шеңбер бойымен жүреді. Белгіленген жерге дейін еңбектей алады. (2-3 м) **Ұйымдастыру кезеңі.** Амандасу Шеңберге тұру. Шеңбермен жүру -Түрлі бағытта жүру,жүгіру - Жай жүріспен жүру **Жалпы дамытушы жаттығулар:** **(жалаушамен)** 1.Б.қ. тұру, қол төменде, жалауша бір қолда. Жалаушаны оң (сол)қолмен жоғарыда, төменде сілтеу (3-4 рет) 2.Б.қ. отыру, аяқ алшақ, жалаушаны екі қолмен ұстау. Алға еңкейіп, жалаушаны еденге қойып, түзелу (4-6 рет) 3.Б.қ. екпеттеп жату, жалауша бір қолда, қолдарын екі жаққа созу. Қолдарды қосып, жалаушады екінші қолға алып аяты көтермей, қолдарды екі жаққа созу. (3-4 рет) 4. Ек» аяқты қосып алға секіру.	2.балалармен бірлесе ойнау. Бір біріне кедергі жасамай жүгіруге дағдыландыру Балаларды мадақтау.

			жүгіруге дағдыландыру Балаларды мадақтау.	5.Тыныс алу. **Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар.** Белгіленген жерге дейін еңбектеу **Қимылды ойын:** «Ұстап ал! » 1.Ойын шартын түсіндіру. 2.балалармен бірлесе ойнау. Бір біріне кедергі жасамай жүгіруге дағдыландыру Балаларды мадақтау.	
Ұйқы 9.15.11.00(1-1,6ж)	.Сәбилерді өз кереуеттеріне жатқызып ,баяу үнмен әлди,әлди жырын орындап ұйықтату.				
Серуенге дайындық. 9.15-9.30	**Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен: 9.30-11.00	Картотека № 22 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека № 21 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека №20 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека №22 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека №23 Картотека қосымша тіркелген.
Серуеннен оралу 11.00-11.20	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, гигиеналық іс-шаралар.				
Түскі ас 11.20-12.00	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Ұйқы 12.00-15.00	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары 15.00-15.30	№18 Картотека қосымша тігілген	№19 Картотека қосымша тігілген	№20 Картотека қосымша тігілген	№21 Картотека қосымша тігілген	№22 Картотека қосымша тігілген
Бесін ас 15.30-16.00	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму	**Құрылымдалған ойын** :"Суретті жина" Мақсаты:Қағаз қиықтарын біріктіріп суретті құрастырады.	**Саусақ ойыны:** Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш.	**Педагог жетекшілігімен ойын.** «Ертегі кейіпкерлерінің жүрісін сал» Ойын шарты: ертегі	**Тақпақ үйрету.** Балабақша есігін, Үшке тола ашқанбыз. Балапандай өсіріп, Мәпелейді бақшамыз.	**Саусақ ойыны:** «Саусағымызмыз қайда екен?» Саусағымыз қайда екен? (саусақтарын көрсетеді)

картасына сәйкес жеке жұмыс 16.00-16.20			кейіпкерлерінің жүрісін салады.		Саусағымыз қайда екен? Саусағымыз жоқ па екен? (саусақтарын жұдырыққа жасырады) Саусағымыз міне екен. (саусақтарын көрсетеді) Саусағымыз билейді, жүгіреді, жүйткиді (аталған әрекеттерді жасайды) **Еркін ойын.** Бақылау.
Серуенге дайындық 16.20-16.40	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен 16.40-17.40	**Серуен №12** Картотека қосымша тіркелген.	**Серуен № 13** Картотека қосымша тіркелген	**Серуен № 14** Картотека қосымша тіркелген.	**Серуен №15** Картотека қосымша тіркелген.	**Серуен №16** Картотека қосымша тіркелген.
Балалардың үйге қайтуы 17.40-18.30	Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.	Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу.	Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айту.	Ата-аналарға балалар ауырмау үшін не істеу керек кеңес беру.	Ата-аналарға таңертең кешігіп келмеулерін ескерту

БЕКІТЕМІН

МКҚК «Аяулым»

Б/б меңгерушісі _____ С.Әзімова

ЦИКЛОГРАММА
«БАЛАПАН» ЕРТЕ ЖАС ТОБЫ
ҚАРАША АЙЫ

2021-2022 оқу жылы

Циклограмма
«Балапан» ерте жас тобы
Қараша айы І -апта
01.11 - 05.11.2021ж

Өтпелі тақырып Дені саудың – жаны сау

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.11.2021	Сейсенбі 02.11.2021	Сәрсенбі 03.11.2021	Бейсенбі 04.11.2021	Жұма 05.11.2021
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-	Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. **Ата-аналармен жұмыс:** «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) 8.25	**Педагог жетекшілігімен ойын.** «Құрастыр» Мақсаты:конструкторларды бір-біріне үстінен және жанынан біріктіре алады.	**Құрылымдалған ойын.** Түстес ыдысқа сал» **Мақсаты:** түрлі-түсті дөңгелектерді теріп алып, түстес ыдысқа салады.	**Саусақ ойыны.** **Серуен** Бір, екі, үш, төрт, бес (*бас бармақтан бастап санайды)* Серуенге шықты саусақтар (*үстел үстінде саусақтармен жүреді)* Бір, екі, үш, төрт, бес (*шынашақтан бастап санайды)* Үйге қайта тығылды (*жұмырықтарын түйеді).*	**Құрылымдалған ойын.** “Мұнара тұрғызайық” Мақсаты .Балалар кубиктерден мұнара тұрғызады.	**Педагог жетекшілігімен ойын.** “Ұяшықтарға сал” Мақсаты. Кішкентай дөңгелектерді ұяшықтарға сала алады.
Таңертеңгі гимнастика 8.25-8.30	**Таңертеңгі жаттығу кешені.** **Картотека № 8** Жаттығу кешені қосымша тіркелген.				
Таңғы ас 8.30-8.50	**Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау** **Сиқырлы сөз:** "Астарыңыз дәмді болсын!" Рахмет айтуға тәрбиелеу				
Ойындар, ҰОҚ дайындық 8.50-9.00	Балалармен ұйымдастырылатын оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың (белсенділік орталық) материалдарын, көрнекіліктерін, дидактикалық ойын материалдарын дайындау				

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері 9.00-9.15	**Музыка** Педагог жоспары бойынша	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Бұл мен!» (баламен сөйлесу) **Мақсаты:** Өзінің дене мүшелерін ажыратып, атай алады. (бас,көз,құлақ,қол-аяқ). **Әдіс –тәсілдер.** Түсіндіру,көрсету, М.Монтессоридің технологиясының әдістерінен көзбен көріп,қолмен ұстап көрсету. **Ресурстар:** Дене мүшелерінің суреттері **Оқу қызметінің барысы:** **Шаттық шеңбер** Қайырлы таң! Қайырлы күн. **Қызығушылықтарын ояту.** Тосын сәт. Қонаққа Айгүл қуыршақ келеді. Кәне балалар Айгүл қуыршақпен амандасайық. **Ой қозғау.** Балалар,Айгүл қуыршақ көңілсіз. Себебі: ол өзінің дене мүшелерін білмейді. -Балалар Айгүл қуыршаққа көмектесеміз бе? **Ой дамыту.** Суретпен жұмыс. Айгүл қуыршаққа дене	**Сенсорика** **Тақырыбы:** «Тұғырдағы сақиналар»(үстел-үсті ойыны) **Мақсаты:** Екі-үш сақинадан тұратын пирамидаға сақиналарды белгілі бір ізділікпен жинастыра алады. М.Монтессори технологиясы **Әдіс –тәсілдер.** әңгіме, сұрақ–жауап, көрсету, ойын **Ресурстар:** ойыншық аю,пирамида **Оқу қызметінің барысы:** **Шаттық шеңбер** Біз кішкентай баламыз, Алақанды соғамыз. Күнге қолды созамыз, Сәлем дейміз бәріміз. **Қызығушылықтарын ояту.** Аю келеді. Көңілсіз аю. Пирамидасын шашып алған. Жинауға көмек сұрайды. **Ой дамыту.** Балаларға әртүрлі пирамидаларды Көрсету. Балалармн бірге қайталап айту:пирамида. **Пирамида жинаудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.** Пирамиданың төменде үлкеннен басталып,жоғарлаған сайын кішірейе беретініне назар аударады. **Құрылымдалған ойын:** **«Пирамида құрастырайық»** Тәрбиеші көрсете отырып,	**Сурет салу** **Тақырыбы:** «Менің алақаным» **Мақсаты:** Қағаз бетіне бояу жағылған алақанды басу арқылы бейнелей алады. **Әдіс –тәсілдер.** әңгіме, сұрақ–жауап, көрсету **Ресурстар:** көк түске боялған қағаз,сары бояу,су. **Оқу қызметінің барысы:** **Шаттық шеңбер** Жарқырап күнде ашылды, Айналаға гүл шашылды Қайырлы күн! **Қызығушылықтарын ояту.** Жұмбақ жасыру. Ақ сандығым ашылыд, Ішінен жібек шашылды? (Күн) **Ой қозғау.** -Балалар бүгін күн бар? Қәне терезеден қарайықшы. (балалармен бірге терезеден күнді бақылау) -балалар сендер далаға шыққанда күнді көресіңдер ме? -Ал,топтағы ойыншықтар күнді көре ме? **Ой дамыту.** Балалар,келіңдер ойыншықтарымызға күн сәулесін бейнелеп, ойыншықтарымызға сыйлайық. **Ашық сұрақ** -Балалар күннің түсі қанадай? **Үлгі бойынша балаларға сурет салудың әдіс-тәсілдерін көрсету,түсіндіру.**	**Дене шынықтыру.** **Тақырыбы:** «Татумыз біз ,бәріміз». **Мақсаты:** Үстелдің астынан төрт тағандап еңбектей алады. **Ұйымдастыру кезеңі.** Балалармен амандасу Шеңберге тұру. Шеңбермен жүру -Түрлі бағытта жүру -Тапсырмамен жүгіру - Жай жүріспен жүру **Жалпы дамытушы жаттығулар:** 1.Б.қ.Тік тұру.Қол төменде. Қолды жоғары көтреу-«Міне біз үлкенбіз» Отыру,қолды тізеге қою-«Міне біз кішкентаймыз» Б.қ.келу. (3-4рет) 2.Б.қ.Еденге отыру, аяқтарды бірге қою,қолымызды артқа тіреп отыру. Тізені бүгіу, қолымызбен тізені құшақтау. Б.қ.келу. (3-4рет) 3.Ішпен жату,алдыға қару,Қол иек астынада. Қолды алға созу,тәрбиешіге көрсету. Қолдарын арқаға қою-балықтар жүзеді. Б.қ.келу. (3-4рет) 4.Б.қ.Тік тұру.Торғайлар сияқты секіру.Б.қ.келу. 5.Жәй жүру.

		мүшелерінің суреттерін көрсетіп, аттарын атау. Бас,шаш,құлақ,мұрын, көз,ауыз,қол Балалармен қайталап айту. **Сергіту сәті:** Аяқ пенен топ-топ бас Қол менен хлоп-хлоп Бір оңға,бір солға айналайық кел мұнда. **Педагог жетекшілігімен ойын.** «Дұрыс көрсет?» ойыны. Шарты : дене мүшелердің атауын атайды (ұстап көрсетеді) **Дыбыстық жаттығу:** Лақ-лақ-лақ – Мынау құлақ. Рын-рын-рын – Мынау мұрын. **Шығармашылық жұмыс:** «Кім жылдам». Шарты : сезім мүшелерін дұрыс тауып жабыстырады. **Кері байланыс** **Қорытынды.** Балаларды мадақтау	жұмыстың орындалу барысын түсіндіреді. Аюмен қоштасады. **Қорытынды.** Балаларды мадақтау. **Дене шынықтыру** **1.Тақырыбы:** «Күзгі орман» **Мақсаты**:Допты алысқа лақтыра алады. **Ұйымдастыру кезеңі.** Амандасу балалармен. Шеңберге тұру. Шеңбермен жүру **Қызығушылықтарын ояту.** Құыршақ Айман келеді. Айманмен күзгі орманға саяхат. Түрлі бағытта жүру - Жай жүріспен жүру **Жалпы дамытушы жаттығулар:** 1.Б.қ.Текшелерді жоғары көтеріп,бір-біріне соғу.3-4 рет Б.қ. келу. 2.Б.қ.Аяқтар сәл алшақ,текшелерді кеудеде ұстау. -Қолдағы текшелермен оңға,солға иілу.3-4 рет Б.қ: келу. 3.Б.қ. Қолдағы текшелерді алға созып,отырып,тұру. 3-4 рет. Б.қ. келу. 4.Б.қ.Аяқ бірге,текшелерді кеудеде ұстау. Секіру.	Балалар күннің суретін алақанымызбен саусақтарымыз арқылы сурет саламыз. -Алақанымызды сары бояуға малып мына қағазға түсіреміз. Балалардың жұмыстарын бақылау. Жеке көмек. **Сергіту сәті:** Ал,балалар,тұрамыз, Айналаны шоламыз. Күн нұрындай жарқырап, Жер бетіне қонамыз. Балалар,қараңдаршы тобымыз жарық болып кетті.Ойыншықтарымызда көңілді.Сендерге рахмет айтып жатыр. **Кері байланыс** **Қорытынды.** Сұрақ қою. -Амирхан ненің суретін салдың? -Жібек күннің түсі қанадай? Балаларды мадақтау. **Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Егінді жинаймыз» **Мақсаты:** Қол ұстасып шеңбер бойымен жүре алады. **Ұйымдастыру кезеңі.** Балалармен амандасу Шеңберге тұру. Шеңбермен жүру -Түрлі бағытта жүру -Тапсырмамен жүгіру - Жай жүріспен жүр **Жалпы дамытушы жаттығулар:** 1.Б.қ.Текшелерді жоғары көтеріп,бір-біріне соғу.3-4 рет	1.Музыкалық-ырғақты қимылдар (айналу, орнындасекіру). **Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар.** **Қимылды ойын:** «Кім бірінші» Ойын шарты: Балалармен бірлесе ойнау. Бір біріне кедергі жасамай жүгіруге дағдыландыру Балаларды мадақтау.

			Б.қ.келу 5.Тыныс алу. **Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар.** 1.Допты алысқа лақтыру **Қимылды ойын:** «Допты қуып жет» Ойын шартын түсіндіру. Балалармен бірлесе ойнау. Бір біріне кедергі жасамай жүгіруге дағдыландыру Балаларды мадақтау.	Б.қ. келу. 2.Б.қ.Аяқтар сәл алшақ,текшелерді кеудеде ұстау. -Қолдағы текшелермен оңға,солға иілу.3-4 рет Б.қ: келу. 3.Б.қ. Қолдағы текшелерді алға созып,отырып,тұру. 3-4 рет. Б.қ. келу. 4.Б.қ.Аяқ бірге,текшелерді кеудеде ұстау. Секіру. Б.қ.келу 5.Тыныс алу. **Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар.** 1.Музыкалық-ырғақты қимылдар (айналу, орнындасекіру). **Қимылды ойын:** «Допты қуып жет» Ойын шартын түсіндіру. Балалармен бірлесе ойнау. Бір біріне кедергі жасамай жүгіруге дағдыландыру Балаларды мадақтау.	
Ұйқы 9.15-11.00(1-1,6жас)	. Сәбилерлі өз кереуеттеріне жатқызып,ұйықтату.				
Серуенге дайындық 9.15-9.30	Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді» Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу Жүйелі киініп серуенге шығу7				
Серуен: 9.30-11.00	Картотека №13 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека №14 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека №15 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека №16 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека № 17 Картотека қосымша тіркелген.
Серуеннен	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық				

оралу 11.00-11.20	шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас 11.20-12.00	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы 12.00-15.00	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары 15.00-15.30	№7 Картотека қосымша тігілген	№8 Картотека қосымша тігілген	№9 Картотека қосымша тігілген	№10 Картотека қосымша тігілген	№11 Картотека қосымша тігілген
Бесін ас 15.30-16.00	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 16.00-16.20	**М. Монтессори технологиясымен жұмыс.** Геометриялық пішіндермен құрастыру жұмыстарын жүргізу.	**Педагог жетекшілігімен ойын.** «Пирамида» Пирамида ойыншығын ретімен жинай алады.	**Құрылымдалған ойын.** “Жіп орайық” Қатты қағазға жіпті орай алады.	**Педагог жетекшілігімен ойын.** “Балық аулау” балықты таяқпен іліп алып, жинайды..	**АКТ технологиясы.** «Шалқан » ертегісі мультфилим қарау.
Серуенге дайындық 16.20-16.40	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен 16.40-17.40	Серуен №17 Картотека қосымша тіркелген.	Серуен № 18 Картотека қосымша тіркелген	Серуен №19 Картотека қосымша тіркелген.	Серуен №20 Картотека қосымша тіркелген.	Серуен №17 Картотека қосымша тіркелген.
Балаларды ң үйге қайтуы 17.40-18.30	Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу	Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.	Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)	Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу	Жаңадан келген Санжардың анасымен әңгімелесу. Тамақтану жайында әңгімелесу.

Циклограмма

«Балапан» ерте жас тобы
Қараша айы II -апта
08.11.-12.11.2021ж

Өтпелі тақырып Дені саудың – жаны сау

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.11.2021	Сейсенбі 09.11.2021	Сәрсенбі 10.11.2021	Бейсенбі 11.11.2021	Жұма 12.11.2021
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) -8.25	**Құрылымдалған ойын** “Саңырауқұлақ жинайық” Шашылған сәбіздерді көлеміне қарай жинайды.	**Педагог жетекшілігімен ойын.** “Моншақтарды жинайық” Құммың ішінен моншақтарды жинайды.	**Педагог жетекшілігімен ойын.** “Ілгектеріңді сал” балаларға арнайы дайындалған “салынбалы рамалар” беріледі. Өз бетімен ілгектерді не қапсырмаларды салады.	**Еркін ойын.** «Қалай жинайсың» Ойыншықтарды өз орнына жинайды. .	**Құрылымдалған ойын.** «Ғажайып қалта» Қалта ішіндегі көкөністердің атын қайталайды.
Таңертеңгі гимнастика 8.25-8.30	**Таңертеңгі жаттығу кешені.** **Картотека № 9** Жаттығу кешені қосымша тіркелген.				
Таңғы ас 8.30-8.50	Тәтті тамақ жейміз. Рақмет аспаз дейміз. Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.				
Ойындар, ҰОҚ дайындық 8.50-9.00	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша	**Музыка** Педагог жоспары бойынша	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Қуыршақ Сәулені тамақтандырамыз» (дидактикалық ойын)	**Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Жемістерді танимыз» (дидактикалық ойын) **Мақсаты**: Жемістер жайлы	**Мүсіндеу** **Тақырыбы:** «Шиелер» **Мақсаты**: Ермексазды алақан арасына салып шиені	**2.Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Орманға серуен» **Мақсаты:**Құрсаудан еңбектеп өте алады.

ұйымдасты рылған оқу қызмет-тері 9.00-9.15		**Мақсаты:** Қуыршақты тамақтандыру тәсілдерімен танысады.Ыдыстардың аттарын атай алады. **Әдіс –тәсілдер.** Көрсету, сұрақ– жауап, көрсету **Ресурстар:** қуыршақ, ыдыстар,машина, кірпіштер **Оқу қызметінің барысы:** **Шаттық шеңбер** Амансын ба алтын күн ! Амансынба көк аспан ! Амансындар ма достарым **Қызығушылықтарын ояту.** Қонаққа қуыршақ Сәуле келеді. Кәне амандасайықшы. Салеметсізбе! Жарайсыңдар **Ой қозғау.** Қуыршақ ,бізге немен келді? Қандай көлік? Біз кәзір ,қыздармен Сәулеге шәй берейік Ал ұл балалар ,көлікке гараж жасайды . Балалар ,Сәулеге Шәй беремізбе? -Балалар ,қандай ыдыс аламыз шәй үшуге ? **Ой дамыту.** Суретпен жұмыс. Ыдыстар.	біледі, оларды суреттерде және шынайы таниды. **Әдіс –тәсілдер.** сұрақ-жауап, әңгімелесу, түсіндіру, ойын сергіту, тосын сәт. **Ресурстар:** жемістер, себет, жемістердің қиылған суреттер **Оқу қызметінің барысы:** **Шаттық шеңбер** Үлкенге сіз, Кішіге сіз, Бас иеміз біз. **Қызығушылықтарын ояту.** Жұмбақ жасыру. Аспай түскен, Қайнамай піскен. Ол не ? Жемістер. **Ой дамыту.** **Суретпен жұмыс.** «Жемістер» Жемістердің суреттерін көрсетіп, түсіндіру. **Тосын сәт.** Қуыршық Сәуле келеді. Балалармен амандасады. Балаларға сиқырлы қалта әкеледі. **Педагог жетекшілігімен ойын:** «Сиқырлы қалта» Мақсаты: Балалардың сипап сезу, тану қабілеттерін арттыру.Қандай жеміс екенін айтады. **Сергіту сәті.** Алма баққа барайық Алма теріп алайық Ең үлкенін дәмдісін Анамызға сыйлайық **Құрылымдалған ойын:**	домалатуды біледі. **Әдіс –тәсілдер.** түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап. **Ресурстар:** қызыл ермексаз,тақтайша, сүлгі,үлгі. **Оқу қызметінің барысы:** **Шаттық шеңбер** Арайлар таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды күніміз Балаларды мадақтау. **Қызығушылықтарын ояту.** **Тосын сәт.** Аю келеді. Балалармен амандасады. Балалардан көмек сұрайды. Көп жидек керек екенін айтады. Балалар аюға көмектесеміз бе? **Педагог жетекшілігімен ойын.** «Көкеністер мен жемістерді ажырат» Балалардың назарын өзіме аудару. **Саусақ жаттығуы.** Қолды оңға созамыз, Қолды солға созамыз. Саусақтарды ашып жұмып, Саусақтарымыз дем алады. **Мүсіндеудің әдіс –тәсілдерін көрстемін.** -Балалар,мынау қызыл түсті еремексаз. -Қандай түс? Жарайсыңдар. -Осы еремексазды шымшып бөліп аламыз,алақанымызға салып домалатамыз. (көрсету) Балалармен жеке жұмыс	**Ұйымдастыру кезеңі.** Амандасу балалармен. Шеңберге тұру. Шеңбермен жүру -Түрлі бағытта жүру -Тапсырмамен жүгіру - Жай жүріспен жүру **Жалпы дамытушы жаттығулар:** 1.Б.қ.: тұру, аяқ арасы алшақ, қол кеудеде, қолды «паровоз» сияқты қозғалту «чу-чу-чу». 2.Б.қ.: Тік тұру, қол төменде. Тізені қолмен ұстап «кішкентай», б. қ. оралу (3-4 р) 3.Б.қ.: тік тұру, қол төменде. Отырып, тұру. (3-4 р) 4.Екі аяқты бірге қосып алға-артқа секіру 5.Тыныс алу. **Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар.** Құрсаудан еңбектеп өту **Қимылды ойын:** «Қоңырау қайдан естіледі?» 1.Ойын шартын түсіндіру. 2.балалармен бірлесе ойнау. Бір біріне кедергі жасамай жүгіруге дағдыландыру Балаларды мадақтау.

		Дұрыс ,бізге керек шәйнек,қасық,кесе,печенье,кәмпит. Қасық кәне ? Кім әкеледі? Қыздар ыдыстарды көрсетеді,айтады Енді көрейік ,ұлдар қандай гараж жасады? Балалардың жұмыстарын бағалау. Мадақтау. **Сергіту сәті** Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз бір сергіп қалайық. **Педагог жетекшілігімен ойын:** « Не жоқ?» Шарты: Қай ыдыс жоқ екенін айтады. Сәуле қуыршақ рахмет айтып қоштасады. Қорытынды. Сұрақтар ілмегі әдісі. Қонаққа кім келді? Немен келді?	«Жемістерді жинау» Мақсаты: Көкөністер ішінен жемістерді жинау. Сәуле қуыршақ балалармен қоштасып кетеді. **Кері байланыс** **Қорытынды.** Балалар қонаққа кім келді? Не алып келді? Немен таныстыңдар? Балаларды мадақтау. **Еркін ойын.** Ойын: «Бөлігін тап» Бөлінген жемістердің бөлігін өз еркімен құрастырады. **2.Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Татумыз біз ,бәріміз». **Мақсаты:** Төрттағандап түзу бағытта еңбектей алады. **Ұйымдастыру кезеңі.** Амандасу балалармен. Шеңберге тұру. Шеңбермен қимылдар жасап жүру **жаттығулар:** 1.Б.қ.Текшелерді жоғары көтеріп,бір-біріне соғу.3-4 рет Б.қ. келу. 2.Б.қ.Аяқтар сәл алшақ,текшелерді кеудеде ұстау. -Қолдағы текшелермен оңға,солға иілу.3-4 рет Б.қ: келу. 3.Б.қ. Қолдағы текшелерді алға созып,отырып,тұру. 3-4 рет. Б.қ. келу.	жүргізу. Жасалған шиені кірпіге ұсынады. Кірпі рахмет айтып, қоштасады. **Қорытынды.** Балалар, аюға не жасап бердіңдер? Шиенің түсі қандай? Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарын ата-аналар үшін ұйымдастырылған бұрышқа қою. **2.Дене шынықтыру** **Тақырыбы:**«Сарғыш тартып жапырақ» **Мақсаты:** Шағын топпен топтасып жүреді. “Жемістерді досыңа бер” ойын жаттығуы. **Ұйымдастыру кезеңі.** Амандасу балалармен. Шеңберге тұру. Шеңбермен жүру -Түрлі бағытта жүру -Тапсырмамен жүгіру - Жай жүріспен жүру **Жалпы дамытушы жаттығулар:** 1.Б.қ.: тұру, аяқ арасы алшақ, қол кеудеде, қолды «паровоз» сияқты қозғалту «чу-чу-чу». 2.Б.қ.: Тік тұру, қол төменде. Тізені қолмен ұстап «кішкентай», б. қ. оралу (3-4 р) 3.Б.қ.: тік тұру, қол төменде. Отырып, тұру. (3-4 р) 4.Екі аяқты бірге қосып алға-артқа секіру 5.Тыныс алу. **Негізгі қимыл қозғалыс**	

			4.Б.қ.Аяқ бірге,текшелерді кеудеде ұстау. Секіру. Б.қ.келу 5.Тыныс алу. **Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар.** 1.Төрттағандап түзу бағытта еңбектей алады **Қимылды ойын:** «Автомобиль мен торғайлар» 1.Ойын шартын түсіндіру. 2.балалармен бірлесе ойнау. Бір біріне кедергі жасамай жүгіруге дағдыландыру Балаларды мадақтау.	**жаттығулар.** “Жемістерді досыңа бер” ойын жаттығуы. **Қимылды ойын:** « Маған қарай жүгіріңдер.» 1.Ойын шартын түсіндіру. 2.балалармен бірлесе ойнау. Бір біріне кедергі жасамай жүгіруге дағдыландыру Балаларды мадақтау.	
Ұйқы 9.15-11.00(1-1,6жас)	**Сәбилерді өз кереуеттеріне жатқызып,әлди,әлди әуенімен ұйықтату .**				
Серуенге дайындық 9.15-11.00	**Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен 9.30-11.00	**Картотека №8** Картотека қосымша тіркелген.	**Картотека № 9** Картотека қосымша тіркелген.	**Картотека №10** Картотека қосымша тіркелген.	**Картотека № 11** Картотека қосымша тіркелген.	**Картотека № 12** Картотека қосымша тіркелген.
Серуеннен оралу 11.00-11.20	Ойын- жаттығу: Мөлдір су Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас 11.20-12.00	.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы 12.00-15.00	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп	**№10**	**№12**	**№ 13**	**№14**	**№15**

ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары 15.00-15.30	Картотека қосымша тігілген	Картотека қосымша тігілген	Картотека қосымша тігілген	Картотека қосымша тігілген	Картотека қосымша тігілген
Бесін ас 15.30-16.00	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 16.00-16.20	**Саусақ ойын.** **«Бас бармағым қайдасың?»** Бас бармағым қайда болдың? (*екі қолдың бас бармақтарын көрсетеді)* Мына ағаммен тауға бардым, (*саусақтарын кезекпен бас бармаққа қосады)* Мына ағаммен отын жардым Мына ағаммен ән салып, Ал іниммен тойға бардым.	**Педагог жетекшлігімен ойын.** «Анасын тап» Үй жануарларының анасын суреттерден табады.	**Саусақ ойыны** **«Қуырмаш»** Қуыр, қуыр, қуырмаш, Тауықтарға тары шаш. Балапанға бидай шаш, Балаларға тәтті шаш .	**сюжетті-рөлді ойын** «Дәрігер» Дәрігер заттарын алып ойнайды.	**Педагог жетекшілігімен ойын.** « Бөлігін тап» Жеміс, көкөністердің бөлігін табады.
Серуенге дайындық 16.20-16.40	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен 16.40-17.40	Серуен № 7 Картотека қосымша тіркелген.	Серуен № 8 Картотека қосымша тіркелген	Серуен №9 Картотека қосымша тіркелген.	Серуен №0 Картотека қосымша тіркелген.	Серуен №7 Картотека қосымша тіркелген.
Балаларды ң үйге қайтуы 17.40-18.30	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.	Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу	Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.

Циклограмма
«Балапан» ерте жас тобы
Қараша айы III -апта
15.11.-19.11.2021ж

Өтпелі тақырып Дені саудың – жаны сау

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.11.2021	Сейсенбі 16.11.2021	Сәрсенбі 17.11.2021	Бейсенбі 18.11.2021	Жұма 19.11.2021
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. **Ата-аналармен жұмыс:** «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) 8.25	**Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар.**	**Құрылымдалған ойын.** «Ұқсасын тап» Суреттер ішінен бір-біріне ұқсаз суреттерді табады.	**Саусақ ойын.** **Орамжапырақ** Орамжапырақты аламыз (саусақтарын сәл бүгіп, беттестіреді) Пышақпенен тураймыз (қолдың қырымен турайды) Оны қатты қысып ап, (қолдарын сәл бүгіп, қысады) Дәміне қарай тұздаймыз.(тұз себеді) Суын әбден сығамыз (жұдырықта ашып, жұмады)	**Құрылымдалған ойын.** «Дөңгелек пішінге ұқсас заттарды тап» Суреттер ішінен дөңгелекке ұқсас заттарды табады.	**Құрылымдалған ойын.** «Мұнара тұрғызайық” Балалар кубиктерден мұнара тұрғызады.
Таңертеңгі гимнастика 8.25-8.30	**Таңертеңгі жаттығу кешені.** **Картотека № 10** Жаттығу кешені қосымша тіркелген.				
Таңғы ас 8.30-8.50	Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу. Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулу.				
Ойындар, ҰОҚ дайындық 8.50-9.00	Балалармен ұйымдастырылатын оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың (белсенділік орталық) материалдарын, көрнекіліктерін, дидактикалық ойын материалдарын дайындау				

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері 9.00-9.15	**Музыка** Педагог жоспары бойынша	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Қуыршаққа киінуге көмектес» (дидактикалық ойын) **Мақсаты:** Ересектердің көмегімен киімдерді киюдің реттілігін сақтай біледі. Киім аттарын қайталап айта алады. **Әдіс –тәсілдер.** Көрсету,түсіндіру,сұрақ жауап,қорытынды,мадақтау **Ресурстар:**Киім суреттері, қуыршақтар **Оқу қызметінің барысы:** **Шаттық шеңбер** Амансың ба, Алтын Күн! Амансың ба, Жер – Ана ! **Қызығушылықтарын ояту.** Тосын сәт. Қуыршақ Айжан қонаққа келеді. Қуыршақ Айжан балалармен амандасып, өзін таныстырады. - Балалар мен өзіммен бірге сиқырлы сандығымды ала келді. **Ой қозғау.** Сандықта не бар деп ойлайсыңдар балалар? Сандықты ашу. «Киімдер» **Ой дамыту**	**Сенсорика** **Тақырыбы:** «Мұнаралар жасаймыз» (үстел-үсті ойыны) **Мақсаты**: Тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны жинастыра алады. **Әдіс –тәсілдер:** бақылау, көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелесу **Ресурстар:** ойыншық аю, текшелер **Оқу қызметінің барысы:** **Шаттық шеңбер** **Қызығушылықтарын ояту.** **Тосын сәт.** Аю келеді. Балаладан мұнараға тұрғызуға көмек сұрайды. **Ой қозғау.** Балалар,сендер мұнара тұрғыза аласыңдар ма? Біз оны неден тұрғызамыз? **Үлгі көрсету,түсіндіру.** текшелердің түстерін сұрап, ең алдымен қандай түсті текшені қоямыз, оның үстіне қандай түсті текшені қоямыз, қызыл түсті текшенің үстіне қандай түсті орналастырамыз, ең үстіне қандай текше қойылады. Балалардан сұрай отырып, орналастыру, көрсету. Балалардың жұмыстырын бақылау Жеке көмек көрсету. **Сергіту сәті:** Ормандағы аюдың	**Сурет салу** **Тақырыбы:** «Қонжыққа арналған жидек» **Мақсаты :** Бояу жағылған саусақтың көмегімен қағаз бетіне жидек бейнесін сала алады. **Әдіс –тәсілдер.** сұрақ– жауап, көрсету **Ресурстар:** қызыл түсті бояу,ойыншық аю. **Оқу қызметінің барысы:** **Шаттық шеңбер** Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға. Ертеңмене ақпейілмен, Қайырлы таң тілейміз. **Қызығушылықтарын ояту.** **Тосын сәт.** Қонаққа қонжық келеді. Қонжықпен амандасу. **Ой қозғау.** Балалар қонжық не жақсы көреді? Балалар, қонжықтың тәтті тағамы жидек екенін білесіңдер ме? Құлпынайдың суретін салып, қонағымызға сыйлайық. **Ой дамыту.** Суретпен жұмыс. Құлпынай туралы түсінік беру. -Құлпынайдың көлемі қандай? -Түсі қандай? **Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.** Саусақпен сурет алу. **Сергіту сәті** Орнымыздан тұрамыз, Алақанды соғамыз.	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы**: «Көңілді доп» **Мақсаты**: Отырып допты қос қолмен домалата алады. **Ұйымдастыру кезеңі.** Амандасу балалармен. Шеңберге тұру. Шеңбермен жүру -Түрлі бағытта жүру **Жалпы дамытушы жаттығулар:** 1.Екі қолмен допты ұстап,алға созу. 2.Б.Қ.Допты қос қолмен ұстап,жоғары көтеру. 3.Б.Қ отыру.Допты қос қолмен ұстап,аяққа тигізу. 4.Б.Қ.Допты ұстап секіру. Тыныс алу жаттығуы **Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар.** Отырып допты қос қолмен домалату **Қимылды ойын:** «Көжектер» 1.Ойын шартын түсіндіру. 2.балалармен бірлесе ойнау. Бір біріне кедергі жасамай жүгіруге дағдыландыру Балаларды мадақтау.

		Суретпен жұмыс. — Тақтадағы нелерді көріп тұрмыз? Қандай киімдер? - -Не үшін қажет? Балалар қайталап айтады Қуыршақ:Балалар далада күн суық, менің достарыма жылы киім киімдерін киінулеріне көмектесесіңдер ме? **Педагог жетекшілігімен ойын.** «Қуыршақты киіндіру» **Сергіту сәті.** Бала, бала, балақан, Кәне қайсы алақан. Саусақтарын әйбат, Былай-былай ойнат. Әр баладан қуыршақтың киімінің атын сұрау. - Күртешесінің түсі қандай? - Шалбарының түсі қандай? - Аяқ киімнің түсі қандай? - Бас киімінің түсі қандай? Балаларды мадақтау. Қуыршақ : балаларға рахмет айтып қоштасады. Кері байланыс **Қорытынды.** **Сұрақтар ілмегі.** Қонаққа кім келді? Сандық ішінде не бар екен?	Құлпынайы көп екен, Теріп-теріп алайық Қалтамызға салайық. Балаларға бағыт- бағдар беріп отыру. **Қорытынды:** - Балалар сендер бүгін не құрастырдыңдар? -Қандай текшелерді пайдаландыңдар? Аю қуанып балалармен қоштасу. Мадақтау. **2.Дене шынықтыру** **1. Тақырыбы:** Біз ер жүрек баламыз» **Мақсаты:**Кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүре алады. **Ұйымдастыру кезеңі.** Амандасу балалармен. Шеңберге тұру. Шеңбермен жүру -Түрлі бағытта жүру **Жалпы дамытушы жаттығулар:** 1.Б.қ.: тұру, аяқ арасы алшақ, қол кеудеде, қолды «паровоз» сияқты қозғалту «чу-чу-чу». 2.Б.қ.: Тік тұру, қол төменде. Тізені қолмен ұстап «кішкентай», б. қ. оралу (3-4 р) 3.Б.қ.: тік тұру, қол төменде. Отырып, тұру. (3-4 р) 4.Екі аяқты бірге қосып алға-артқа секіру 5.Тыныс алу.	Жоғары-төмен қараймыз, Топылдатып басамыз. Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек көрсету. **Педагаог жетекшілігімен ойын.** «Қандай жеміс» Қорытынды. Балалардың жұмысын қорытындылау. Қонжық қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады. Балаларды мадақтау **Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Күзгі шабындық» **Мақаты**:Допты лақтыруды және еңбектеуді біледі. **Ұйымдастыру кезеңі.** Амандасу балалармен. Шеңберге тұру. Шеңбермен жүру **Жалпы дамытушы жаттығулар:** 1.Екі қолмен допты ұстап,алға созу. 2.Б.Қ.Допты қос қолмен ұстап,жоғары көтеру. 3.Б.Қ отыру.Допты қос қолмен ұстап,аяққа тигізу. 4.Б.Қ.Допты ұстап секіру. Тыныс алу жаттығуы **Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар.** Допты лақтыру **Қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр» 1.Ойын шартын түсіндіру. 2.балалармен бірлесе ойнау. Бір біріне кедергі жасамай жүгіруге дағдыландыру	

		Қуыршақтар үстіне қандай киім киді? Бас бармақ әдісі арқылы қорытындылау.	**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар.** Кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүру **Қимылды ойын:** «Ақ қоян» 1.Ойын шартын түсіндіру. 2.балалармен бірлесе ойнау. Бір біріне кедергі жасамай жүгіруге дағдыландыру Балаларды мадақтау.	Балаларды мадақтау.	
Ұйқы 9.15-11.00(1-1,6жас)	Сәбилерді өз кереуеттеріне жатқызып ,баяу үнмен әлди әлди әуенімен ұйықтату.				
Серуенге дайындық 9.15-9.30	**Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен: 9.30-11.00	**Картотека №16** Картотека қосымша тіркелген.	**Картотека № 17** Картотека қосымша тіркелген.	**Картотека № 18** Картотека қосымша тіркелген.	**Картотека № 19** Картотека қосымша тіркелген.	**Картотека № 20** Картотека қосымша тіркелген.
Серуеннен оралу 11.00-11.20	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас 11.20-12.00	Дастархан басында сөйлемей отырып, тамақтануға, қасықты оң қолға ұстауға баулу				
Ұйқы 12.00-15.00	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары 15.00-15.30	**№ 20** Картотека қосымша тігілген	**№ 21** Картотека қосымша тігілген	**№ 22** Картотека қосымша тігілген	**№ 20** Картотека қосымша тігілген	**№22** Картотека қосымша тігілген
Бесін ас 15.30-16.00	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				

Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 16.00-16.20	**Үстел үсті театры:** «Бауырсақ » ертегісі Балаларға ертегіні айтып беру.	**Қимылды ойын:** «Сұр көжек» Балалар көжектер сияқты секіреді.	**Педагог жетекшілігімен ойын**. «Сиқырлы сандық» Доптардың түсін атайды.	**Құрылымдалған ойын.** «Суреттер қиындысы» Қиылған суреттерді құрастырады.	**Тіл ұстарту жаттығуы** Ғай – ғай – ғай, Жем шоқиды торғай. Бұл – бұл – бұл, Сайрайды бұлбұл. Рек – рек – рек, Ұшты көлден үйрек.
Серуенге дайындық 16.20-16.40	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен 16.40-17.40	Серуен № 5 Картотека қосымша тіркелген.	Серуен № 6 Картотека қосымша тіркелген	Серуен № 7 Картотека қосымша тіркелген.	Серуен № 8 Картотека қосымша тіркелген.	Серуен № 9 Картотека қосымша тіркелген.
Балаларды ң үйге қайтуы 17.40-18.30	Елханның ата- анасымен оның бала- бақшаға бейімделуі жайлы әңгімелесу.	Ата –аналармен балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу	Ата-аналарға таңертең кешігіп келмеулерін ескерту	Кеңес: «Күн режимін сақтау».	Ата-аналарга демалыс күндерде күн тәртібі туралы ұмытпау.

Циклограмма
«Балапан» ерте жас тобы
Қараша айы IV -апта
22.11.-26.11.2021ж

Өтпелі тақырып Дені саудың – жаны сау

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.11.2021	Сейсенбі 23.11.2021	Сәрсенбі 24.11.2021	Бейсенбі 25.11.2021	Жұма 26.11.2021
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-	. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. **Ата-аналармен жұмыс:** «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) 8.25	**Педагог жетекшілігімен ойын.** Мақсаты. Отбасылық фотосуреттерді қарастыру.	**Педагог жетекшілігімен ойын.** «Не өзгерді» Мақсаты. Орыны ауысқан ойыншықты көрсетеді.	**Тіл ұстарту жаттығуы.** Күз туралы Үз – үз – үз, Жаңбырлы Күз. Ел – ел – ел, Соғады жел. Іс – іс – іс, Піседі жеміс.	**Педагог жетекшілігімен ойын.** **«Менімен қайтала»** Мақсаты:Тәрбиешінің сөздерін қайталайды.	**Музыкалық ойын жаттығу** **« Көңілді аңдар»** **Мақсаты:** әуенді тыңдай отырып, аңдардың қимылын жасайды.
Таңертеңгі гимнастика 8.25-8.30	**Таңертеңгі жаттығу кешені.** **Картотека № 11** Жаттығу кешені қосымша тіркелген.				
Таңғы ас 8.30-8.50	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау				
Ойындар, ҰОҚ дайындық 8.50-9.00	Балалармен ұйымдастырылатын оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың (белсенділік орталық) материалдарын, көрнекіліктерін, дидактикалық ойын материалдарын дайындау				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері 9.00-9.15	**Музыка** Педагог жоспары бойынша	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Бала,бала,баламыз» Е. Өтетілеуұлы **Мақсаты:** Қысқа, қарапайым тақпақтарды тыңдайды,мағанасына қарай қимыл-қозғалыстар жасай	**Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Үй жануарлары.» **Мақсаты:** жануарлардың ерекшеліктерін, іс-қимылдарын, белгілерін ажыратады және атайды. **Әдіс –тәсілдер**. сұрақ– жауап, көрсету,түсіндіру	**Мүсіндеу** **Тақырыбы:** «Көңілді доп» **Мақсаты:** Ермексазды алақан арасында домалата алады. **Әдіс –тәсілдер**. сұрақ– жауап, көрсету,түсіндіру **Ресурстар:** ермексаз,тақтайша, сүлгі,ойыншық аю	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Көңілді бірге жүру». **Мақсаты**. Еденде жатқан бөренеден асып түсе алады. **Дене шынықтыру** **1. Тақырыбы:**. «Біз көңілді балалар»

